

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитетінің қаулысымен бекітілді.
Хаттама № 9, 8-т. 2026 ж. «20» ақпан.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінде кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі 2026-2029 жылдарға арналған ҰСЫНЫМДАР

Кәсіподақтық оқыту кәсіподақ органдары қызметінің тиімділігін арттырудың және қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғауды күшейтудің аса маңызды шарты болып табылады. Кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар Кәсіподақтың XV Съезі қабылдаған Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қызметінің 2024–2029 жылдарға арналған бағдарламасында көзделген қағидаттарға сүйене отырып әзірленді және кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуды жоспарлау, ұйымдастыру әрі оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі тәсілдерін айқындауға арналған.

1. Кәсіподақтық оқытудың мақсаттары мен міндеттері

Кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыруды одан әрі жетілдірудің мақсаты – білікті кәсіподақ қызметкерлерін даярлау және олардың санын арттыру, кәсіподақ қызметкерлерінің көшбасшылық қасиеттерін дамыту, өзгерістерге бейімделу, стратегиялық ойлауды қалыптастыру, ынтымақтастық пен әлеуметтік әділеттілік мәдениетін нығайту.

Негізгі міндеттер:

1.1. Кәсіподақ мүшелерін қызметкерлердің құқықтарына, оның ішінде еңбек және салалық заңнамаларға, кәсіподақтар туралы заңнамаларға оқыту;

1.2. Кәсіподақ кадрларының келіссөздер жүргізу тәжірибесі, дау-жанжалдарды реттеу, ұжымдық келіссөздер мен қызметкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы құзыреттіліктерін арттыру;

1.3. Кәсіподақ мүшелері арасында басқаларды шабыттандыра алатын, сондай-ақ қызметкерлердің мүдделерін тиімді көрсете алатын белсенділер мен көшбасшыларды қалыптастыру;

1.4. Мемлекеттік органдар және жұмыс берушілерді қоса алғанда, қызметкерлердің құқықтарын қорғау үшін ұзақ мерзімді жоспарлау және стратегияларды құруға үйрету;

1.5. Кәсіподақ жұмысы саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді зерделеу және оларды жергілікті жағдайларға бейімдеу;

1.6. Кәсіподақ қызметінде заманауи ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдануды көздейтін цифрлық және аналитикалық құзыреттерді арттыру.

2. Оқытуды ұйымдастыру және мазмұны

2.1. Кәсіподақ ұйымдарына жыл сайын оқыту жоспарларын әзірлеп, бекіту ұсынылады. Оқыту жоспарларында оқытудың нысандары, тақырыптары, тыңдаушылар санаттары және сабақтарды өткізу мерзімдері көзделуге тиіс.

2.2. Оқыту бағдарламаларына еңбек заңнамасы, әлеуметтік әріптестік, еңбекті қорғау, кәсіподақ мүшелігін ынталандыру, іс жүргізу, ақпараттық және қаржы-шаруашылық қызмет мәселелерін енгізген жөн.

2.3. Оқыту күндізгі, қашықтан және аралас формаларда жүргізілуі мүмкін (вебинарлар, онлайн-курстар, бейнедәрістер, практикалық сабақтар, тренингтер, іскерлік және рөлдік ойындар, коучинг-сессиялар, тәжірибе алмасу және т.б.).

2.4. Оқытудың формаларын, әдістерін және құралдарын таңдау бағдарламалардың мақсаттарымен, нысаналы аудиторияның қажеттіліктерімен және кәсіподақ ұйымдарының мүмкіндіктерімен айқындалады.

Оқытудың жеке нысаны ретінде «Кәсіподақ активі мектептерінде» көшпелі оқу қарастырылады.

3. Оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

3.1. Кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту жүйелі сипатта болуы және мүмкіндігінше тоқсанына кемінде бір рет күндізгі және қашықтан оқыту нысандарын пайдалана отырып жүргізілуі тиіс.

3.2. Сабақтарды дайындау және өткізу кезінде нормативтік құқықтық актілерді, әдістемелік материалдарды, саладағы әлеуметтік-еңбек қатынастарының жағдайы туралы статистикалық және аналитикалық (талдамалық) ақпараттарды пайдалану ұсынылады.

3.3. Оқыту бойынша жұмысты үйлестіру мақсатында бағдарламаларды әзірлеуді, оқытушыларды іріктеуді, озық тәжірибелерді жинақтауды қамтамасыз ететін әдістемелік кеңес (кабинет) құрылуы мүмкін.

4. Оқытудың нәтижелілігін бағалау

Оқытудың тиімділігі тестілеу, практикалық тапсырмаларды орындау, сауалнама жүргізу, жобаларды қорғау және білімді бақылаудың өзге де нысандары, сондай-ақ жұмыс берушілерден алынған кері байланыс және тәжірибеден алынған жағдайларды талдау негізінде бағаланады.

Оқыту нәтижелерін кадр резервін қалыптастыру кезінде, кәсіподақтың сайланбалы лауазымдарына ұсынғанда және қызметкерлерді кәсіподақтың комиссиялары мен жұмыс органдарының құрамына енгізгенде ескеру ұсынылады.

5. Топтар құрамы

Оқыту келесі санаттар бойынша жүргізіледі:

- аудандық (қалалық) кәсіподақ ұйымдарының төрағалары мен орынбасарлары;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары;
- кәсіподақ комитетінің мүшелері;
- кәсіподақ органдарының бас бухгалтерлері мен бухгалтерлері;
- техникалық және құқықтық инспекторлар;
- бақылау-тексеру органдарының мүшелері;
- кәсіподақ органдары аппаратының мамандары;
- жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларының мүшелері.

6. Оқытушылар (тренерлер)

Оқытуды көздеуге кәсіподақ органдарының басшылары мен қызметкерлері, Кәсіподақтар федерациясының, мемлекеттік органдардың, ғылыми және білім беру ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ отандық және шетелдік сарапшылар тартылуы мүмкін.

Кәсіподақтық оқыту тренерлерін таңдаған кезде кандидаттың біліктілік деңгейін, әртүрлі инновациялық, озық оқыту әдістерін және білім беру технологияларын меңгеруін ескеру қажет.

7. Қаржыландыру

Расходы на профсоюзное обучение предусматриваются в сметах профсоюзных органов. Рекомендуемый объем финансирования – не менее 10 % от суммы собираемых членских взносов. Допускается привлечение средств работодателей в рамках коллективных договоров.

8. Нәтижелер

Осы Ұсынымдарды іске асырудың нәтижесі кәсіподақ кадрлары мен активінің кәсіби деңгейін арттыру, кәсіподақтың ұйымдастырушылық әлеуетін нығайту және қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Кәсіподақтық оқыту бойынша жұмыстың қорытындылары жыл сайын Атқару комитетінің отырысында қаралады. Онда осы бағыттағы әртүрлі деңгейдегі кәсіподақ органдарының жұмысына баға беріліп, кемшіліктерді жою және саладағы кәсіподақтық білім беру жүйесін жетілдіру бойынша нақты шаралар айқындалады.

Бұл оқу бағдарламасы кәсіподақ кадрлары мен активін даярлауға және біліктілігін арттыруға арналған. Бағдарлама мен білім беру платформасын сауатты таңдау қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ-АҒARTY, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҒЫ» ҚБ КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫ АППАРАТТАРЫНЫҢ МАМАНДАРЫ, КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ ТӨРАҒАЛАРЫ, КӘСІПОДАҚ АКТИВИ ҮШІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

1. «КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ»

Мақсаты: кәсіподақ қызметінің ерекшелігі, бастауыш кәсіподақ ұйымының негізгі жұмыс бағыттары туралы білім беру.

Тыңдаушылар санаты: жаңадан сайланған бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, комитет мүшелері.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		барлы-ғы	дәрістер	практ. сабақ
1	ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы тұрғысынан кәсіподақтар қызметінің негізгі бағыттары. Қазақстан Республикасындағы кәсіподақтардың ұйымдастырушылық құрылымы.	2	2	-
2	Кәсіподақтар қызметінің құқықтық негіздері. Кәсіподақтардың қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы рөлі.	4	4	-
3	Кәсіподақтардың жұмыс берушілермен өзара іс-қимылы. Ұжымдық шарт – ұйым деңгейіндегі әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты.	4	4	-
4	Ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі бағыттары.	4	4	-
5	Кәсіподақ мүшелігіне және кәсіподақ белсенділігіне ынталандыру.	4	3	1
6	Кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыс.	4	2	2
7	Бастауыш кәсіподақ ұйымында іс жүргізуді ұйымдастыру.	4	4	-
8	Кәсіподақ көшбасшысының имиджі. Кәсіподақ қызметкерінің этикасы.	4	3	1
9	Кәсіподақтардың билік органдарымен және саяси партиялармен өзара іс-қимылы.	3	3	-
10	Қорытындылау.	1		1
	ЖАЛПЫ:	34	29	5

**1.1. «ЖАС КӘСІПОДАҚ КӨШБАСШЫСЫ МЕКТЕБІ»
Жас кәсіподақ белсенділері, жастар кеңестерінің (комиссиялардың,
комитеттердің) мүшелері үшін оқу бағдарламасы.**

Мақсаты: жас белсенділерді даярлау, белсенді ұстаным қалыптастыру.
Тыңдаушылар санаты: жас кәсіподақ белсенділері (35 жасқа дейін).

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Қазақстан Республикасының жастар саясаты. Негізгі мақсаттары мен бағыттары.	6	5	1
2	Жастар мүдделері. Өмірлік мақсат қою технологиясы.	6	3	3
3	Ұжымдық шарт – ұйымның жастар саясатын іске асыру құралы.	2	2	-
4	Кәсіподақ ұйымдарының жастар кеңестері (комиссиялары) – мақсаттары, міндеттері, жұмыстың негізгі бағыттары.	6	3	3
5	Кәсіподақ көшбасшысының құзыреттілігі – кәсіподақ қозғалысының табыстылығының кепілі: кәсіподақ көшбасшысының құқықтық құзыреттілігі.	2	2	-
6	Жастар көзқарасындағы кәсіподақтар.	1	1	-
7	Іскерлік қарым-қатынас психологиясы.	2	1	1
8	Жобаларды қорғау.	4		4
	ЖАЛПЫ:	29	17	12

1.2. «ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ»

Мақсаты: жастармен тиімді жұмыс ұйымдастыру дағдыларын дамыту.
Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, жастармен жұмыс жөніндегі мамандар.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Қазіргі жастар саясатының шеңбері.	5	5	
	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты. Мақсаттары, міндеттері және құралдары.	3	3	-

	Саладағы және өңірдегі жастар саясаты.	2	2	-
2	Жастармен жұмыс істеудің қағидаттары және негізгі тәсілдері.	6	6	
	Жастармен жұмыстың базалық қағидаттары.	3	3	-
	Жастарға бағдарланған тәсіл және коммуникация.	3	3	-
3	Жастармен жұмысты жоспарлау және талдау.	4	1	3
	Жастармен жұмыс технологиясы. Жастармен жұмыста талдау және өзін-өзі бағалау.	4	1	3
4	Жастармен жұмыстың функционалдық мазмұны.	8	4	4
	Жастармен жұмыс істейтін белсендінің негізгі функциялары.	4	3	1
	Жастармен жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуде бағдарламалық-нысаналы әдісті қолдану.	4	1	3
	Жобаларды қорғау.	4	-	4
	ЖАЛПЫ:	27	16	11

2. «КӘСІПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ»

Мақсаты: қоғамдағы кәсіподақтың рөлі туралы білім алу.

Тыңдаушылар санаты: барлық санаттар.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Қазіргі әлемдегі және Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысы.	2	2	-
2	Қазақстан Республикасындағы кәсіподақтардың ұйымдастырушылық құрылымы. Кәсіподақтардың негізгі қызмет бағыттары мен функциялары. Салалық кәсіподақтар және олардың мүшелік ұйымдары: мақсаттары, міндеттері, қызмет бағыттары.	2	2	-
3	Кәсіподақтар қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері. Кәсіподақтардың қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы рөлі.	2	2	-
4	Кәсіподақтардың жұмыс берушілермен өзара іс-қимылы. Ұжымдық шарт – әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты.	3	1	2
5	Кәсіподақтардың билік органдарымен және саяси партиялармен өзара іс-қимылы.	2	1	1
	ЖАЛПЫ:	11	8	3

3. «КӘСПОДАҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ»

Мақсаты: бастауыш кәсіподақ ұйымындағы жұмыстың негізгі бағыттарының ерекшелігі туралы білім беру.

Тыңдаушылар санаты: бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Салалық кәсіподақтың мақсаттары мен міндеттері. Олардың Кәсіподақтың 2024–2029 жж. қызмет бағдарламасында көрініс табуы. Кәсіподақтың XV Съезінің материалдары.	2	2	-
2	Ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі бағыттары.	2	2	-
3	Қызметкерлерді кәсіподаққа тарту бойынша жұмысты ұйымдастыру. Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру.	2	1	1
4	Кәсіподақ ұйымындағы негізгі құжаттар мазмұнының құрылымы. Кәсіподақ ұйымында іс жүргізу.	3	2	1
5	Әлеуметтік әріптестік. Ұжымдық шарт.	3	1	2
6	Кәсіподақтағы ақпараттық жұмыс.	2	2	-
	ЖАЛПЫ:	14	10	4

4. «ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ КӘСПОДАҚТАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ: МӘСЕЛЕЛЕР, ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ, ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»

Мақсаты: кәсіподақ қызметінің ерекшелігі, бастауыш кәсіподақ ұйымының жұмыс бағыттары туралы білім беру.

Тыңдаушылар санаты: бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, ұйымдастыру жұмысы бойынша мамандар.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Кәсіподақтың функциялары және қызметтің негізгі бағыттары.	2	2	
2	Кәсіподақ органының жұмысын ұйымдастыру: <ul style="list-style-type: none">• кәсіподақ комитеті мен тұрақты комиссиялардың жұмысын жоспарлау;• бастауыш ұйымдарда және олардың құрылымдық бөлімшелерінде жиналыстар өткізу;• кәсіподақ комитеті мен комиссиялардың отырыстарын өткізу;• бастауыш кәсіподақ ұйымының құрылымын	4	2	2

	жетілдіру; • іс жүргізу: істер номенклатурасы; алқалы органдардың хаттамаларын жүргізу; марапаттау материалдары және т.б.			
3	Кадрлармен, активпен жұмысты ұйымдастыру: • іріктеу, орналастыру; • оқыту; • белсенді қызметке тарту.	2	1	1
4	Кәсіподақтар қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.	2	2	-
5	Төменгі және жоғары тұрған кәсіподақ органдары мен ұйымдарының өзара іс-қимылы. Дөңгелек үстел.	2	-	2
	ЖАЛПЫ:	12	7	5

5. «КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯСЫ»

Мақсаты: еңбек заңнамасы саласында білім алу, қызметкерлердің құқықтарын қорғау дағдыларын дамыту.

Тыңдаушылар санаты: барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақтың құқықтық жұмыс жөніндегі мамандары.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Кәсіподақтар қызметінің құқықтық негіздері.	2	2	-
2	Білім беру ұйымдарындағы еңбек қатынастарының өзекті мәселелері.	2	1	1
Кәсіподақтардың қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы рөлі				
3	Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттері. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудегі кәсіподақтардың рөлі. Әлеуметтік әріптестік: ұжымдық шарт.	2	2	
4	Еңбек шарты: жасасу, өзгерту, бұзу тәртібі.	2	1	1
5	Жұмыс уақыты және демалыс уақыты. Педагогтердің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының ерекшеліктері.	1	1	
6	Жеке еңбек даулары, оларды шешу тәртібі.	1	1	
7	Білім беру жүйесінде еңбекақыны есептеудің ерекшеліктері.	2	2	
8	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кәсіподақтық бақылау. Өндірістік кеңестер. ЕҚ және ЕҚ бойынша техникалық инспекторлар.	2	1	1
	ЖАЛПЫ:	14	11	3

6. «ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОРҒАЛУЫ»

Мақсаты: қызметкерлерді әлеуметтік-экономикалық қорғау тәсілдері туралы білімді кеңейту.

Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ активі.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Қазақстан халқының өмір сүру деңгейінің заманауи мәселелері, жұмыспен қамту проблемасы, өмір сүру индексінің көрсеткіштері. Адами капиталды дамыту және осы мәселедегі кәсіподақтардың ұстанымы.	2	2	
2	Кәсіподақтардың жалдамалы жұмыскерлердің экономикалық мүдделерін қорғау жөніндегі қызметі.	2	2	1
	ЖАЛПЫ:	5	4	1

7. «ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ»

Мақсаты: ұжымдық шартты дайындау және жасасу бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды алу.

Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, төраға орынбасарлары.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	«Ұжымдық шарт» ұғымы, оның құрылымы.	4	2	2
2	Ұжымдық шарттың заңнамалық базасы.	3	2	1
3	Ұжымдық шарт қызметкерлерге қосымша әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер беру құралы ретінде.	3	1	2
4	Ұжымдық шартты әзірлеу дағдыларын қалыптастыру.	3	1	2
5	Қақтығыстану негіздері. Ұжымдық шарт жасасу процесіндегі қақтығыстарды реттеу.	2	2	-
6	Кәсіпорында, ұйымдағы ұжымдық шарттың орындалуын бақылау.	3	1	2
	ЖАЛПЫ:	18	9	9

8. «ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІССӨЗДЕРДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»

Мақсаты: ұжымдық келіссөздерді жүргізу бойынша білім, дағды және біліктілікті арттыру.

Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ органдарының мамандары, кәсіподақ комитеттерінің мүшелері.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Ұжымдық келіссөздер жүргізудің негізгі басымдықтары.	2	2	-
2	Ұжымдық шарттағы еңбекақы төлеу мәселелері. Еңбекақы төлеуге арналған қаражаттың жұмсалуды талдау және оны ұжымдық шарттар жасасу кезінде пайдалану.	2	2	-
3	Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру. Мақсаттарды тұжырымдау.	4	2	2
4	Келіссөздерге дайындық. Мақсаттарға жету жолдарын іздеу, дәлелдеу және олардың орындылығы.	3	2	1
5	Келіссөздер іскерлік қарым-қатынастың түрі ретінде. Келіссөз процесінің вербалды және вербалды емес құрамдас бөліктері.	3	1	2
6	Келіссөздерді жүргізу технологиясы. Келіссөздердегі мінез-құлық стратегиясы.	4	2	2
7	Қақтығыс жағдайындағы келіссөз процесі. Қақтығыстарды реттеу.	4	1	3
8	Келіссөз процесінің қорытындыларын шығару. Талдау, бағалау, қорытындылар, келісімдерді орындау.	2	2	-
9	Іскерлік ойын «Келіссөздер».	2	-	2
	ЖАЛПЫ:	26	14	12

9. «КӘСІПОДАҚТАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС»

Мақсаты: кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық қызмет бойынша білім мен практикалық дағдыларды меңгеру.

Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ белсенділері, ұйымдастыру жұмысы жөніндегі мамандар.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыстың ерекшеліктері. Ақпараттық жұмыс имидждік саясаттың факторы ретінде.	2	2	-
2	Кәсіподақтағы ақпараттық жұмыстың негізгі нысандары. Жаңа технологиялық құралдарды пайдалану.	2	1	1
3	Қазіргі жағдайларда интернет-кеңістіктегі ақпараттық жұмыс.	2	1	1
4	БАҚ-пен және мақсатты аудиториямен өзара іс-қимылдың базалық аспектілері.	2	2	
	ЖАЛПЫ:	8	6	2

10. «КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛІГІНЕ МОТИВАЦИЯ»

Мақсаты: адамдарды кәсіподаққа тарту және кәсіподақ мүшелерінің белсенділігін арттыру бойынша білім мен практикалық дағдыларды меңгеру.

Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ белсенділері.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі бағыттары және олардың кәсіподақ белсенділігін ынталандыруықпалы.	2	2	-
2	Кәсіподақ ұйымындағы ұйымдастыру жұмысының мәселелері.	2	1	1
3	Кәсіподақ ұйымдары мүшелерінің мотивациясы ұғымы. Уәждердің құрылымы.	3	2	1
4	Қызметкерлерді кәсіподаққа тарту және кәсіподақ мүшелерінің белсенділігін арттыру технологиялары.	3	1	2
	ЖАЛПЫ:	10	6	4

11.«КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»

Мақсаты: қаржылық қызметтің заңнамалық базасы, есеп және салық салу мәселелері бойынша жаңа білім алу.

Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ ұйымдарының қаржы қызметкерлері.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік (қаржылық) есептілік және есеп жүргізу. Кәсіподақтардың қаржылық қызметінің заңнамалық базасы. Ұйымның қаржылық саясаты.	2	2	-
2	Бухгалтерлік баланс. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп. Консолидацияланған бухгалтерлік есептілік, статистикалық есептілік.	4	3	1
3	ҚР Салық кодексіне түсіндірмелер. Салық базасы. Салық ставкалары. Кәсіподақ ұйымдарын салық салудың ерекшеліктері. Салықтар мен міндетті төлемдерді төлеу мерзімдері.	2	2	-
4	Жеке тұлғалардың салық төлеуі.	2	2	
5	Бухгалтерияда іс жүргізуді ұйымдастыру. Бастапқы есепке алу құжаттары.	2	1	1
	ЖАЛПЫ:	12	10	2

12. «КӘСІПОДАҚТЫҢ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ҚЫЗМЕТІ»

Мақсаты: тексеру (ревизиялық) комиссиялары мүшелерінің біліктілігін арттыру.

Тыңдаушылар санаты: ревизиялық комиссия мүшелері.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Кәсіподақтардың қаржылық қызметінің заңнамалық базасы. Қазіргі жағдайларда қаржылық жұмыстың негізгі қағидағтары мен ерекшеліктері. Кәсіподақтың бақылау-тексеру органдарының рөлі.	2	2	-
2	Бақылау-тексеру комиссиясы жұмысының ұйымдастырылу тәртібі.	3	2	1
3	Кәсіподақ ұйымының қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу тәртібі және ревизия қорытындыларын рәсімдеу.	4	3	1
4	Кәсіподақ ұйымының мүлкі мен қаржылық міндеттемелеріне түгендеу жүргізу тәртібі.	2	1	1
5	Кәсіподақ ұйымында іс жүргізудің дұрыс жүргізілуін тексеру тәртібі.	2	1	1
	ЖАЛПЫ:	13	9	4

13. «КӘСІПОДАҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ»

Мақсаты: ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс бойынша мамандарының біліктілігін арттыру.

Тыңдаушылар санаты: барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының ұйымдастыру жұмысы жөніндегі мамандары.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Қазақстан Республикасындағы қазіргі кәсіподақ қозғалысындағы өзекті проблемаларды талдау.	2	2	-
2	Кәсіподақ органдарының ұйымдастыру-бұқаралық жұмысы, оның міндеттері және жұмысты ұйымдастыру.	2	1	1
3	Кәсіподақтық науқандарды өткізу технологиясы: ынтымақтастық акциялары, наразылық акциялары, кәсіподаққа жаңа мүшелерді тарту.	2	1	1
4	Кәсіподақтың кадр саясаты: кадрлар мен белсенділерді іріктеу, орналастыру, оқыту. Резервті	2	2	-

	қалыптастыру және оны оқыту.			
5	Есептік-сайлау науқанын ұйымдастыру.	2	2	-
	ЖАЛПЫ:	10	8	2

14. «КӘСІПОДАҚТАҒЫ МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫС»

Мақсаты: кәсіподақ белсенділері мен кәсіподақ органдарының мәдени-бұқаралық жұмыс жөніндегі мамандарының біліктілігін арттыру.

Тыңдаушылар санаты: мәдени-бұқаралық комиссия төрағалары, кәсіподақ органдарының мамандары.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		барлығы	дәрістер	практ. сабақ
1	Қазіргі бұқаралық мәдениет ұғымы, даму үрдістері.	2	2	-
2	Мәдени-демалыс саласындағы менеджмент және маркетинг.	2	1	1
3	Әртүрлі жас санаттарына арналған мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру.	2	1	1
4	Кәсіподақтардың мәдени-бұқаралық жұмысы кәсіподақ мүшелігін ынталандыру факторы ретінде.	2	2	-
	ЖАЛПЫ:	8	6	2

15.«ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК»

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ӨКІЛДЕРІ МЕН КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫН БІРЛЕСКЕН ОҚИТУ

Мақсаты: жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл шеңберінде кәсіподақ кадрлары мен белсенділерінің біліктілігін арттыру.

Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, жұмыс берушілердің, мемлекеттік органдардың өкілдері.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Оқу сағаттарының саны				
		барлығы	дәрістер	тәжірибе алмасу	"дөңгелек үстел"	іскерлік ойын
1	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: әлеуметтік әріптестік саласындағы мақсаттары, міндеттері, негізгі қағидаттары.	2	2	-	-	-
2	Қазақстан Республикасындағы трипартизм жүйесі.	2	2	-	-	-
3	Әлеуметтік әріптестік тараптары өкілдерінің өзара іс-қимыл нысандары.	2	-	2	-	-

4	Еңбек қатынастары саласында жұмыс берушілердің, жұмыскерлердің және олардың өкілдерінің өзара қатынастары.	4	2	2	-	-
5	Ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу құралы ретінде ұжымдық шарт. Ұжымдық шарттың мазмұны.	3	1	2	-	-
6	Ұжымдық шарт жасау үдерісін жетілдіру мәселелері.	3	-	-	3	-
7	Қызметкерлерді жұмыстан босату жағдайында олардың еңбек құқықтарының сақталуы туралы.	4	2	2	-	-
8	Еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.	2	2	-	-	-
9	Еңбек шарты: мазмұны, тәртібі, жасасу, бұзу, өзгерту.	3	3	-	-	-
10	Еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі.	1	1	-	-	-
11	Жұмыс уақыты туралы еңбек заңнамасы.	2	2	-	-	-
12	ҚР еңбек заңнамасы бойынша кепілдіктер мен өтемақылар.	2	2	-	-	-
13	ҚР Еңбек кодексі: еңбек тәртібі мен еңбек дисциплинасы туралы.	2	2	-	-	-
14	Жекелеген санаттағы жұмыскерлердің еңбегін реттеу ерекшеліктері туралы еңбек заңнамасы.	2	2	-	-	-
15	Ұйымның жергілікті құқықтық актілері.	1	1	-	-	-
16	Еңбек дауларын туындататын себептерді жоюда ұжымдық шарттар мен келісімдердің рөлі мен маңызы.	2	2	-	-	-
17	Ұйымдағы ұжымдық еңбек дауларын шешу.	2	2	-	-	-
18	ҚР еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасы.	2	2	-	-	-
19	Қазіргі еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамту проблемалары.	2	2	-	-	-
20	Тиімді басқару.	1	1			
21	Стратегиялық әріптестік, ортақ мақсаттар мен мүдделер.	1	1			
22	Іскерлік ойын. Ұжымдық шарт жасасу кезінде жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы өзара қатынастарды қалыптастырудың негізі ретінде келіссөздер.	4	-	-	-	4
	ЖАЛПЫ:	49	34	8	3	4

16. «КӘСІПОДАҚТЫҚ ОҚЫТУ: ЖАҢА ТӘСІЛДЕР, ЖАҢА ФОРМАЛАР»

Мақсаты: кәсіподақтық оқыту сапасын арттыру, оқытушылар мен тренерлерді даярлау, жасанды интеллектімен (ЖИ) жұмыс істеу.

Тыңдаушылар санаты: кәсіподақ оқытушылары, белсенділер, оқытуды ұйымдастырушылар.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мазмұны	Сағат саны		
		бар-лығы	дәрістер	практ. сабақ
1.	Кәсіподақ ұйымының қолданыстағы модельдері.	2	2	
2.	Кәсіподақ мүшелігін ынталандырудың заманауи тәсілдері.	2	2	
3.	Оқытудың белсенді әдістері.	4	1	3
4.	Оқытушының коммуникативтік құзыреттілігі.	2	1	1
5.	Жетістік психологиясы немесе команда құру жолдары.	2	1	1
6.	Іскерлік қарым-қатынас психологиясы.	2	1	1
7.	Кәсіподақ көшбасшысының медиақұзыреттілігі.	2	1	1
8.	Көшбасшылық психологиясы және командалық өзара іс-қимыл.	2	1	1
9.	Көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі.	4	1	3
10.	Қақтығыстардың алдын алу және оларды шешу.	3	1	2
11.	Жасанды интеллектті нақты өмірде қолдану.	1	1	
12.	Нейрожелілердің жұмыс қағидаттары.	3	1	2
13.	Промптинг — нейрожелілерге арналған сұранымдар.	4	1	3
14.	Промпт-бук (prompt book) әзірлеу.	3	1	2
15.	Қорытынды модуль.	2		2
	ЖАЛПЫ:	38	16	22

ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ (2026-2029)

Төменде тыңдаушылардың әртүрлі санаттарына бейімделген негізгі бағдарламалар ұсынылады:

№	Бағдарлама атауы	Мақсатты аудитория	Жалпы көлемі (сағ.)	Негізгі мақсаты
1.	Кәсіподақ қызметінің негіздері Основы профсоюзной деятельности	БКҰ (бастауыш кәсіподақ ұйымы) жаңадан сайланған төрағалары, комитет мүшелері	34	Бастауыш ұйым жұмысының ерекшеліктері бойынша білім беру
2.	Жас кәсіподақ көшбасшысы мектебі	35 жасқа дейінгі белсенділер	29	Белсенді ұстанымды және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру
3.	Құқық қорғау функциясы	Барлық деңгейдегі төрағалар, заңгерлер	16	Еңбек құқықтарын қорғау дағдыларын дамыту және ҚР Еңбек кодексін зерделеу
4.	Ұжымдық шарт	Төрағалар және олардың орынбасарлары	18	Ұжымдық шартты дайындау және жасасу тәжірибесі
5.	Қаржылық қызмет	Бухгалтерлер және қаржы қызметкерлері	12	Заңнамалық база, салықтар және есепке алу
6.	Әлеуметтік әріптестік	Кәсіподақ көшбасшылары және жұмыс беруші өкілдері	49	Тиімді өзара іс-қимыл үшін тараптарды бірлесіп оқыту
7.	Жаңа тәсілдер және ЖИ	Оқытушылар, тренерлер, актив	38	Тренинг жүргізу әдістерін және нейрожелілермен жұмыс істеуді (промптинг) үйрету